

Қырғыздың "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған мерекелік шаралар өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 21 сәуір 1995 ж. N 536

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. ЮНЕСКО Бас конференциясының шешіміне сәйкес 1995 жылы Қазақстан Республикасында қырғыздың ұлы эпосы "Манастың" 1000 жылдығына арналған мерекелік шаралар өткізілсін.

2. Қырғыздың "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған шараларды өткізу жөнінде мына құрамда республикалық мерекелік комиссия құрылысын:

Тасмағамбетов И.Н. (төраға), Мамашев Т.А. (төрағаның орынбасары), Сағадиев К.А. (төрағаның орынбасары), Әбдікәрімов О. (келісімі бойынша), Әбдіков Т. (келісімі бойынша), Әйтимова Б.С., Әлиғожинов С.К., Байгелдиев Ө., Жомартов А.Ш., Дильдяев Г.Г., Жұрынов М.Ж., Қирабаев С.С., Қозыбаев М.Қ., Көпішев Ә.С., Қосанов Ә.С., Құлмаханов Ш., Көшербаев Қ.Е., Найманбаев Қ., Ни В.В. (келісімі бойынша), Оразалиев Н.М., Павлов А.С., Рымжанов О.М., Сапарбаев Б.М., Сәрсенбаев А., Тезекбаев С.Н., Тоқаев Қ.К., Өзбеков Ө., Шаханов М. (келісімі бойынша).

3. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы 1995 жылғы 28 шілдеде Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған жұртшылықтың салтанатты жиналысын өткізсін, өнер шеберлерінің концертін ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы қырғыздың "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізсін.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Республикалық "Қазақстан теледидары мен радиосы" корпорациясы, ҚазТАГ қырғыз фольклорының ұлы туындысының әлемдік әдебиет тарихындағы орны мен маңызын, қырғыз және қазақ халықтары арасындағы дәстүрлі достықтың терең тамырларын, қазақ мәдениетінің аса көрнекті өкілдерінің "Манасты" зерттеп, көпшілікке таратудағы еңбектерін жан-жақты ашып көрсететін материалдар мен хабарлар, ғылыми конференциялар әзірлесін, республикалық "Қырғызстан туусу" және "Егемен Қазақстан" газеттерінің "Манас" эпосының 1000 жылдығына және қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдығына арналған номерлерін алмасып шығаруды қарастырсын Қазақстан ғалымдарының манастану жөніндегі ғылыми еңбектерінің жинағын, "Манас" эпосын қарасөзбен баяндап шығарсын.

6. Алматы қаласының әкімі қаланың бір көшесін Манас көшесі деп атайтын болсын.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" кинокомпаниясы Алматы қаласында қырғыз фильмдерін қайталап көрсетуді ұйымдастырсын, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі "Манастың" 1000 жылдығына почта конвертін шығарсын, "Легпром" компаниясы мерекелік тақырыпқа кәдесый өнімін әзірлесін.

8. Жамбыл облысының әкімі Қырғызстандағы мерекелік шараларға

қатысатын болсын.

9. Алматы облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі, Қазақстан Республикасының Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі "Дегерес" жылқы зауыты аумағында "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған мерекелік шаралар, ат спорты сайыстарын өткізсін.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі қырғыздың "Манас" эпосының 1000 жылдығына арналған мерекелік шаралар өткізуді қаржыландыру көздерін айқындасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі